

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 1 бет



«Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті» АҚ
Ғылыми кеңесінің
2025 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 2 қағамасымен БІЛІЛІГЕН



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЭТИКАЛЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ЕР-05-02-01-2025

Тіркеу № 58
Данасы № 1
Көшірме № _____

Алматы, 2025

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 2 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Негізгі ұғымдар мен анықтамалар.....	4
3	Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары.....	5
4	Комиссияның құқықтары.....	5
5	Комиссия жұмысының ұйымдастырылуы.....	5
	Қосымша – Ғылыми зерттеудің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды алу регламенті.....	7
	Регламентке 1-қосымша – Өтініш нысаны.....	9
	Өтініш нысанына қосымша – Ғылыми зерттеу мен деректерді жинау кұралдарының сипаттамасы.....	10
	Регламентке 2-қосымша – Ғылыми зерттеудің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды нысаны.....	14
	А қосымшасы Келісу парағы	15
	Б қосымшасы Танысу парағы	16
	В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы.....	17
	Г қосымшасы Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы.....	18

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 3 бет

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ
Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 2 хаттамасымен БЕКІТІЛГЕН

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы ереже» (бұдан әрі – **Ереже**) Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (бұдан әрі – **Білім беру ұйымы**) жанындағы Этикалық комиссияға (бұдан әрі – **Комиссия**) қатысты әзірленді және Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 529 бұйрығымен бекітілген **Ғылыми этиканың үлгілік қағидаларына** (бұдан әрі – Қағидалар), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген **Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге**, сондай-ақ ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласына қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.2. Комиссия келесі мақсаттарда құрылады:

1. Білім беру ұйымының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері (бұдан әрі – **ҒПҚ**), докторанттар және магистранттар жүзеге асыратын ғылыми зерттеулердің Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ қоғамдық ғылымдарда қабылданған этикалық нормалар мен стандарттарға сәйкестігін бағалау;

2. Докторанттарға ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытынды алуға мүмкіндік беру, соның ішінде зерттеу нысандарының (тірі табиғат пен тіршілік ету ортасы объектілерінің) құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғау;

3. ҒПҚ, докторанттар мен магистранттарға өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының қоғамдық ғылымдарда қабылданған этикалық нормалар мен стандарттарға сәйкестігі туралы қорытынды алу мүмкіндігін қамтамасыз ету, соның ішінде зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми басылымдарда жариялау мақсатында;

4. ҒПҚ, докторанттар және магистранттар жүзеге асыратын ғылыми зерттеу жобаларында этикалық нормалардың бұзылуымен байланысты тәуекелдерді Білім беру ұйымы үшін барынша азайту;

5. Автор мен дереккөзді көрсетпей жасалған дәйексөздерді (плагиатты) тексеру мақсатында диссертацияларды тексеру, соның ішінде лицензиялық плагиатты анықтау жүйелерін (халықаралық деректер базаларын қоса алғанда) пайдалану және жасанды интеллект технологияларын тиісті сілтемесіз қолдануды анықтау.

1.3. Комиссияның құрамы ғылыми қызметпен айналысатын құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсынысы бойынша ғылыми-педагогикалық қызметкерлерден, Білім беру ұйымының әкімшілік-басқару персоналы өкілдерінен қалыптастырылады және Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 4 бет

Комиссияны Білім беру ұйымының Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректоры (бұдан әрі – **Комиссия төрағасы**) басқарады. Комиссия төрағасы оның мүшелері арасынан Комиссия хатшысын тағайындайды. Комиссия мүшелерінің саны Ғылыми кеңестің отырысында ашық дауыс беру арқылы белгіленеді және тақ саннан тұруы тиіс.

Комиссияның жұмысына сарапшылар мен кеңесшілер ретінде, қажет болған жағдайда, Білім беру ұйымының өзге де ғылыми-педагогикалық қызметкерлері (ФПК), магистранттар, докторанттар, сондай-ақ сыртқы ұйымдардың өкілдері тартылуы мүмкін.

1.4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, кәсіби және академиялық қауымдастықтар (халықаралық қауымдастықтарды қоса алғанда) шеңберінде кеңінен таралған этикалық нормаларды, адам туралы ғылымдар саласындағы кәсіби және жеке тәжірибені, Академиялық саясатты және Білім беру ұйымының өзге де ішкі нормативтік құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.5. Осы Ереже және оған енгізілетін өзгерістер Білім беру ұйымының Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

2. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

2.1. Осы Ережеде келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

- **Биоэтика** – өмір туралы ғылымдардың ең жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік және құқықтық аспектілерін талдауға бағытталған биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт;
- **Педагогикалық этика** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген педагогтердің мінез-құлық нормалары;
- **Ғылыми этика** – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ұстанатын этиканың қағидаттары, ережелері мен нормаларының жиынтығы;
- **Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері** – Білім беру ұйымының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, докторанттары және (немесе) магистранттары (бұдан әрі – Оқушылар);
- **Ғылыми-зерттеу жұмысы** – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, заңдылықтарды, ғылыми жалпылаулар мен негіздемелерді анықтау мақсатында ғылыми ізденіске, зерттеу жүргізуге және эксперименттерге бағытталған ғылыми сипаттағы жұмыс;
- **Эмпирикалық зерттеу жобасы** – Білім беру ұйымының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, магистранттары және докторанттары жүзеге асыратын, басқа адамдардың (сынақтан өтушілердің) қатысуын көздейтін ғылыми зерттеу (соның ішінде сауалнама, жеке сұхбат, эксперимент, қосылған бақылау түрінде жүргізілетін зерттеулер);
- **Университетшілік сауалнама** (бұдан әрі – сауалнама) – магистранттар, талапкерлер, докторанттар, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персонал арасында қағаз немесе онлайн форматта жүргізілетін анкеталық сауалнама. Сауалнамаларға бастамаларды және петицияларды қолдау мақсатында қол жинау, конференциялар, семинарлар және басқа да іс-шараларға тіркеу үшін ақпарат жинау,

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 5 бет

құрылымдық бөлімшелер мен мерзімді басылымдарға жазылу, оқытушыларды рейтингтеу, үздік оқытушыларды таңдау, студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау кірмейді.

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3.1. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

3.1.1. Ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламасы мен құралдарын қазіргі ғылыми зерттеулерде қабылданған этикалық нормаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қарастыру;

3.1.2. Комиссия қарауына ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының қазіргі ғылыми зерттеулерде қабылданған этикалық нормаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі туралы қорытындыларды дайындау, сондай-ақ ғылыми жұмыстарды жетілдіруге қатысты ұсынымдар әзірлеу;

3.1.3. Магистранттар, докторанттар, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер (ҒПҚ), Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелері және сыртқы ұйымдардың өкілдері Комиссия қарауына ұсынған ғылыми зерттеу жұмыстарын Білім беру ұйымында жүргізудің мақсатқа сәйкестілігі туралы шешімдер қабылдау.

3.2. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды орындайды:

3.2.1. ҒПҚ, магистранттар және докторанттар Комиссия қарауына ұсынған ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламалары мен құралдары бойынша қорытындылар дайындайды;

3.2.2. Комиссия қарауына ұсынылған ғылыми зерттеу жұмыстарын Білім беру ұйымында жүргізудің мақсатқа сәйкестігі туралы шешімдер қабылдайды және қорытындылар әзірлейді.

4. Комиссияның құқықтары

4.1. Комиссия келесі құқықтарға ие:

4.1.1. Авторлардан (жетекшілерден), докторанттардан және Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерінен Комиссия қарауына ұсынылған ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламасы мен құралдарына қатысты кез келген қосымша материалдарды сұратуға;

4.1.2. Комиссия отырыстарына оның құрамына кірмейтін ҒПҚ, әкімшілік-басқару персоналының қызметкерлерін, магистранттарды, докторанттарды және сыртқы ұйымдардың өкілдерін қосымша сараптама және бағалау жүргізу үшін шақыруға.

5. Комиссия жұмысының ұйымдастырылуы

5.1. Комиссия құзыретіне жататын мәселелер Комиссия отырыстарында қаралады. Отырыстар Комиссия төрағасының шешімі бойынша электрондық дауыс беру немесе тікелей кездесу форматында өтеді және өтініштердің түсуіне қарай ұйымдастырылады. Комиссия хатшысы отырыстың күні мен уақыты туралы Комиссия мүшелерін электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 6 бет

5.2. Комиссия отырысына келіп түскен құжаттар ғылыми зерттеудің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды алу регламентінде белгіленген мерзімдер мен шарттарға сәйкес қаралады.

5.3. Комиссия отырысы және онда қабылданған шешімдер, егер отырысқа Комиссия мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды деп есептеледі. Шақырылған қызметкерлер, докторанттар және магистранттар дауыс беруге қатыспайды.

5.4. Комиссия отырыстарында қабылданған шешімдер хаттама түрінде ресімделеді және Комиссия төрағасы қол қояды. Қабылданған шешімдердің нәтижелері бойынша Комиссия хатшысы ғылыми зерттеудің этикалық нормаларға және жасанды интеллект технологияларын тиісті сілтемесіз қолдануға сәйкестігі туралы Қорытындыны Регламентке сәйкес ресімдейді, ол Комиссия төрағасы қол қоятын құжат болып табылады.

5.5. Комиссияның іс жүргізуін жүргізу (отырыстарды ұйымдастыру, күн тәртібін қалыптастыру, Комиссия мүшелерін отырыс туралы хабардар ету, отырыс хаттамасын жүргізу және ресімдеу, Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылау, сондай-ақ құжаттарды жедел сақтау) Комиссия хатшысының міндеті болып табылады.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 7 бет

Қосымша
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі
этикалық комиссия туралы

Ережеге Ғылыми зерттеудің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды алу регламенті

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Регламент (бұдан әрі – **Регламент**) төмендегі мақсаттарда әзірленді:

1. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің (бұдан әрі – **Білім беру ұйымы**) ғылыми-педагогикалық қызметкерлері (бұдан әрі – **ҒПҚ**), магистранттары және докторанттары жүзеге асыратын ғылыми зерттеулердің қоғамдық ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі туралы **Этикалық комиссияның қорытындысын** (Қосымша 2) алу тәртібін белгілеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату барысында құқықтардың, қауіпсіздіктің және зерттеу нысандарының (тірі табиғат пен тіршілік ету ортасы объектілерінің) әл-ауқатының сақталуын қамтамасыз ету;

2. Докторанттарға ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату барысында бұзушылықтардың болмауы, сондай-ақ диссертациялық жұмысты дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын қолдану фактілерінің бар-жоғы туралы қорытынды алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

3. Этикалық комиссияның қорытындысын алу мүмкіндігі Білім беру ұйымының ҒПҚ, магистранттары және докторанттарының халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялауына жәрдемдесу үшін қажет, өйткені мұндай журналдар авторлардан этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытындыны талап етеді.

1.2. Этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытынды алу Білім беру ұйымының ғылыми зерттеу жұмыстарының авторлары (жетекшілері) тарапынан ерікті түрде жүзеге асырылады.

1.3. Регламент пен оған енгізілетін өзгерістер Білім беру ұйымының Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2. Этикалық комиссияның қорытындысын алу тәртібі

2.1. Этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытынды Білім беру ұйымының ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссиясы (бұдан әрі – **Комиссия**) докторанттың, ғылыми зерттеу авторының (жетекшісінің) жазбаша өтініші негізінде дайындайды. Өтініш нысаны Регламенттің 1-қосымшасында берілген.

2.2. Докторант, ғылыми зерттеу авторы (жетекшісі) толтырылған өтінішті .doc, .docx немесе .pdf форматында Комиссия хатшысының электрондық поштасына жолдайды.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 8 бет

Өтініштің қабылданғанын растау ретінде Комиссия хатшысы өтініш берушіге электрондық пошта арқылы жауап хат жібереді.

2.3. Комиссия төрағасы өтініштер түскен сайын Комиссия отырысын электрондық дауыс беру немесе бетпе-бет кездесу форматында ұйымдастырады. Комиссияның әрбір мүшесі өтінішті жеке қарап шығып, зерттеудің мазмұндық және әдістемелік аспектілерін бағалайды, содан кейін талқылау барысында ғылыми зерттеудің этикалық нормаларға сәйкестігі жөнінде пікір білдіреді. Кейін әрбір мүше ашық дауыс беру арқылы келесі шешім нұсқаларының бірін таңдайды:

А. Ғылыми зерттеу толықтай этикалық нормаларға сәйкес келеді және қазіргі күйінде жүзеге асырылуы мүмкін.

В. Ғылыми зерттеу негізінен этикалық нормаларға сәйкес келеді және этикалық тұрғыдан елеусіз түзетулер мен өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

С. Ғылыми зерттеу этикалық нормаларға толық сәйкес келмейді. Ол Комиссия ұсынған ескертулер мен ұсынымдарды ескере отырып, қайта қаралып, қайта талқылаудан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Д. Ғылыми зерттеу этикалық нормаларға сәйкес келмейді және жүзеге асырылуға бекітілмейді.

2.4. Комиссия хатшысы берілген пікірлер мен дауыс беру нәтижелері негізінде Этикалық комиссияның қорытындысын (Регламенттің 2-қосымшасы) дайындайды, онда Комиссия қабылдаған шешім нұсқасы көрсетіледі. Қабылданған шешім деп Комиссия мүшелерінің кемінде 75% дауысын жинаған нұсқа есептеледі. Егер ешбір нұсқа 75% және одан көп дауыс жинамаса, өтініш қайта талқыланады. Егер зерттеу авторы (жетекшісі) Комиссия мүшесі болса, ол дауыс беруге қатыспайды.

2.5. Этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытындыға Комиссия төрағасы қол қояды және ол Комиссия хатшысы арқылы докторантқа, зерттеу авторына (жетекшісіне) қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қағаз түрінде (қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде) беріледі. Қорытындының көшірмесі электрондық пошта арқылы да екі жұмыс күні ішінде жолданады.

2.6. Ғылыми зерттеуді қайта қарау (2.3-тармақтың «С» нұсқасы қабылданған жағдайда немесе автор қорытынды алғаннан кейін зерттеуге өзгерістер енгізсе) дәл осы тәртіппен жүзеге асырылады.

2.7. Өтініштерді қарау және этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытындыны дайындаудың жалпы мерзімі өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күнін құрайды (қайта өтініштер үшін – 10 жұмыс күні).

2.8. Докторант кафедраның кеңейтілген отырысы өткізілгенге дейін кемінде бір ай бұрын өзінің ғылыми зерттеулерінің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды алуды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Регламенттің орындалуы үшін жауапкершілік

3.1. Докторанттар, ғылыми зерттеу авторлары (жетекшілері) өтініште көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

3.2. Комиссия докторанттардан, ғылыми зерттеу авторларынан (жетекшілерінен) түскен өтініштерді уақтылы қарау және этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытындыларды уақытында дайындау үшін жауап береді.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 9 бет

ҚОСЫМША 1
Ғылыми зерттеудің этикалық
нормаларға сәйкестігі
туралы қорытынды алу регламентіне

Өтініш нысаны

Этикалық комиссия төрағасына
ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университеті АҚ
_____ (Т.А.Ә.)

ӨТІНІШ

Қоғамдық ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларға сәйкестігі туралы Этикалық комиссияның қорытындысын дайындауыңызды сұраймын.

Ғылыми зерттеудің атауы: _____
(ғылыми зерттеудің атауын көрсету)

Ғылыми зерттеу мен деректер жинау құралдарының сипаттамасы А қосымшасында берілген.

Өтініш берушінің Т.А.Ә., лауазымы,
құрылымдық бөлімшенің атауы
Күні: _____

Қолы _____

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 10 бет

Өтінішке қосымша

«Ғылыми зерттеудің мазмұны мен деректерді жинау әдістері мен құралдарының сипаттамасы»

1. Ғылыми зерттеудің атауы	
2. Ғылыми зерттеудің мақсаты және қысқаша аннотациясы	
3. Ғылыми зерттеудің жетекшісінің немесе докторанттың Т.А.Ә., лауазымы	
4. Жетекшінің немесе докторанттың байланыс ақпараты (e-mail, телефон)	
5. Зерттеу жүргізілетін құрылымдық бөлімше	
6. Ғылыми зерттеуді іске асыру мерзімі	
7. Ғылыми зерттеуді қаржыландыру көздері	
8. Зерттеу нәтижелерін жариялау жоспарланған журналдар немесе ғылыми басылымдар (егер белгілі болса)	
9. Зерттеу барысында қолданылатын деректерді жинау әдістері	А. Лабораториялық жағдайда эксперимент Б. Далалық жағдайда эксперимент В. Тереңдетілген / құрылымдалмаған / жартылай құрылымдалған сұхбат Г. Жаппай сауалнама / тестілеу (жеке сұхбат түрінде немесе өзіндік толтыру арқылы) Д. Фокус-топ Е. Қатысушы бақылау Ж. Басқа (көрсетіңіз): _____
10. Іріктеме сипаттамасы және респонденттерді іріктеу, тарту тәсілдері, сонымен қатар марапаттау тәсілдері мен күтілетін мөлшері	
11. Деректер жинаудың (далалық кезеңнің) жоспарланған мерзімі	
12. Деректер жиналатын қала(лар) және/немесе	

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 11 бет

аумақ(тар)			
13. Қолданылатын зерттеу құралдарының сипаттамасы	(Өтінішке деректер жинау кезінде қолданылатын соңғы нұсқалар қоса беріледі: эксперимент немесе бақылау хаттамасы, сауалнама, сұхбат/фокус-топ гайдтары және т.б., сонымен қатар қатысушылардың келісім беру формасы (егер бар болса))		
Төмендегі сұрақтарға “ИӘ”, “ЖОҚ” немесе “ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ (Қ/Ж)” деген жауап беріңіз:			
14. Сіз зерттеуге қатысушыларға олардан не талап етілетінін алдын ала түсіндіресіз бе? «Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
15. Қатысушыларға олардың зерттеуге қатысуы ерікті екені туралы ақпарат бересіз бе? «Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
16. Қатысушылардан жазбаша келісім аласыз ба? «Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
17. Егер зерттеу барысында аудио немесе бейнежазба жүргізілсе, қатысушылардан жазуға келісім сұрайсыз ба? «Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
18. Эксперимент алдында қатысушыларға кез келген уақытта қатысудан бас тартуға болатынын хабарлайсыз ба? «Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
19. Сауалнама немесе тестілеу кезінде респонденттерге жауап беруден бас тарту немесе сұрақты өткізіп жіберу мүмкіндігін бересіз бе? «Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
20. Респонденттердің жеке деректерін (Т.А.Ә., мекенжай, ЖСН, e-mail, телефон және т.б.) жинайсыз ба? Егер «ИӘ» нұсқасы таңдалса, қандай ақпарат жиналатынын нақты көрсетіңіз»	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
21. Жиналған деректердің құпиялылығы	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 12 бет

камтамасыз етіле ме, яғни зерттеу нәтижелерін жариялау кезінде қандай да бір деректердің нақты кімге тиесілі екенін анықтауға мүмкіндік болмас үшін шаралар қарастырылған ба? <i>Егер «ИӘ» нұсқасы таңдалса, жиналған деректердің құпиялылығы қалай қамтамасыз етілетінін нақты көрсетіңіз. Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалса, төмендегі өрісте түсініктеме беріңіз.</i>				
22. Егер эксперимент жүргізілсе, сіз эксперимент аяқталғаннан кейін қатысушыларға оның мәні мен мақсатын түсіндіресіз бе? <i>«Егер «ЖОҚ» нұсқасы таңдалған жағдайда, төменде түсініктеме беріңіз.»</i>		ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
23. Егер эксперимент жүргізілсе, онда оған алдын ала дайындалған қатысушылар («қосалқы қатысушылар») қандай да бір рөлде қатыса ма? <i>Егер «ИӘ» нұсқасы таңдалса, төменде түсініктеме беріңіз.</i>		ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
24. Зерттеуге қатысушылардың қандай да біреуі зерттеу шарттарына және оны бастар алдындағы келісімге сәйкес алдын ала ескертілмеген және айқын әрі саналы түрде келісім берілмеген материалдық немесе өзге де залал шегуі мүмкін бе? <i>Егер «ИӘ» нұсқасы таңдалса, төмендегі өрісте түсініктеме беріңіз және мұндай жағдайлар туындаған кезде қандай шаралар қабылданатынын көрсетіңіз.</i>		ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
25. Сіздің зерттеуіңіз қатысушыларға қандай да бір физикалық әсер етуді — адам ағзасына арнайы заттар мен/немесе бөгде денелерді енгізуді, табиғи деңгейден жоғары сәулелену немесе өзге де тітіркендіргіштер арқылы әсер етуді, сондай-ақ физикалық немесе психикалық денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін кәсіби жабдықтарды пайдалануды көздей ме? <i>Егер «ИӘ» нұсқасы таңдалса, төменде түсініктеме беріңіз.</i>		ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
26. Зерттеуге қатысушылар төменде көрсетілген ерекше	1. 16 жасқа дейінгі адамдар	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
	2. Жүкті әйелдер	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 13 бет

топтардың кез келгеніне жата ма? Егер жоғарыда көрсетілген тармақтардың кез келгеніне «ИӘ» деп жауап берсеңіз, төмендегі өрісте түсініктеме беріңіз. Сондай-ақ, зерттеуді жүргізу үшін тиісті қадағалаушы органдардың немесе ата-аналардың рұқсатын алу қажет болуы мүмкін екенін ескеріңіз.	3. Оқуда және қарым-қатынаста жүйелі қиындықтары бар адамдар	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
	4. Мүгедектер және/немесе стационарлық медициналық орталықтардың пациенттері	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
	5. Психикалық немесе өзге де созылмалы аурулары бар адамдар	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
	6. Бостандықтан айыру орындарында отырған адамдар	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
	7. Созылмалы алкогольизмнен зардап шегетін немесе есірткі қолданатын адамдар	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
	8. Бас миының жарақаттарын алған және когнитивтік функциялары бұзылған адамдар	ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
27. Сіз өз зерттеуіңізде жасанды интеллектті пайдалануды жоспарлап отырсыз ба?		ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды
28. Сіз қатысушылардың наным-сенімдеріне сезімтал болуы мүмкін және олардың күнделікті өмірінде кездеспейтін қандай да бір стимулдарды қолдануды жоспарлап отырсыз ба? Егер «ИӘ» нұсқасы таңдалса, төменде түсініктеме беріңіз.		ИӘ	ЖОҚ	Қолданылмайды

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 14 бет

2-ҚОСЫМША

Этикалық комиссияның қорытындысы «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ

1.	Докторанттың Т.А.Ә. (тегі, аты, әкесінің аты)	
2.	Докторантураның мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу мерзімі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы мәліметтер – Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы мен жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, азаматтығы	
6.	Зерттеу нысандары	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу барысында жіберілген бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталған жоқ. Егер бұзушылықтар анықталса, олар міндетті түрде көрсетілуі керек.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталған жоқ. Егер бұзушылықтар анықталса, олар міндетті түрде көрсетілуі керек.
9.	Зерттеу нысандары тірі табиғат немесе тіршілік ортасы элементтері болған жағдайда, олардың құқықтары, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қандай тәсілдермен қамтамасыз етілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))



Этикалық комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 15 бет

А қосымшасы
міндетті)
Ф.2.01-01

Келісу парағы

Лауазымы	тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Күні	Қолы
Оқу ісі жөніндегі проректор	Чакликова А.Т.	30.09.2025	
Стратегиялық даму жөніндегі проректор	Кунанбаева Д.А.	30.09.2025	
Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор	Успанова М.У.	30.09.2025	
Әкімшілік басқармасының бастығы	Жанбағысова Ж.Ш.	30.09.2025	
Заңгер	Рабцун И.Г.	30.09.2025	

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 16 бет

В қосымшасы
(міндетті)
Ф.2.01-02

Танысу парағы

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 30.09.2025	02 нұсқасы
Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ереже	ЕР-05-02-01-2025	18 ден 18 бет

Г қосымшасы
(міндетті)
Ф.2.01-04

Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы

[illegible]

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады